

Болашақ мұғалімдердің кәсіби
бағыттылығын жаңа педагогикалық
технологиялар негізінде
қалыптастырудың педагогикалық жүйесі

Орындаған: Калдыбаева Айдана
СПиС-301


Жоспар

- 1) Оқушының әрекетін белсендіру және интенсификациялау технологиясы
- 2) Оқу материалын әдістемелік жетілдіру және дидактикалық қайта құру негізіндегі технологиялар

Глоссарий

- **Ойын** – оқу үдерісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория.
- **Проблема** – субъектінің өзінде бар іздену құралдарымен (білім, икемділік, іздену тәжірибесі және т.б.) шешуге болатын жағдай
- **Проблемалық оқыту** – ойлау операциялары логикасы (талдау, қорытындылау және тағы басқа) мен оқушылардың ізденіс әрекетінің заңдылықтарын (проблемалық ситуация, танымдық қызығушылығының, қажетсінуінің және тағы басқа) ескере отырып, жасалған оқу мен оқытудың бұрыннан мәлім тілдерін қолдану ережелерінің жаңа жүйесі.
- **Тірек сигналы** – мән, мағынаны (белгі, сөз, үлгі, сурет және т.б.), білдіретін құрамды бейне.
- **Тірек конспекті** – қысқа конспект түрінде берілетін тірек сигнал жүйесі (оқу материалы сигнал, көрнекі сұлба ретінде беріледі).

Оқушының әрекетін белсендіру және интенсификациялау технологиялары



Ойын
технология
сы

Проблемалық
оқыту
технологиясы

В. Ф.
Шаталовтың
тірек
сигналдар
технологиясы

Ойын арқылы оқыту технологиясы

Ойын – оқу үдерісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория

Ойынның мақсаты – Ойын технологиясы арқылы 5-6 жастағы балалардың сөйлеу тілін дамыту, сөйлеу дағдысын қалыптастыру

Міндеті – баланың қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру.

Ойын түрлері

```
graph LR; A[Ойын түрлері] --> B[1. Мазмұнды бейнелі ойын]; A --> C[2. Қимыл-қозғалыс ойындары]; A --> D[3. Дидактикалық ойындар]; A --> E[4. Құрылыс ойындары]; A --> F[5. Рөлді-сюжетті ойындар];
```

1. **Мазмұнды бейнелі ойын:** отбасы, балабақша, мектеп, аурухана, ұшқыштар, мал фермасы, құрылысшылар, мұнайшылар, темір жол, теңізшілер;

2. **Қимыл-қозғалыс ойындары:** «ақ серек, көк серек», «ұштыұшты», «аңшылар», «сиқырлы таяқ», «мысық пен торғайлар», «бақташы мен қозылар», «соқыр теке», мысық пен тышқан;

3. **Дидактикалық ойындар:** заттардың түсін анықта, қуыршақты серуенге дайында, орныңды тап, ойлан тап, түсті лото, тез ретке келтір, көршілер, аралар, дүкен, сен жалғастыр, дәл тауып айт, т.б.

4. **Құрылыс ойындары:** лото, және басқа конструкторларды пайдалану;

5. **Рөлді-сюжетті ойындар:** ертегі, әңгімелерді рөлдерге бөле отырып орындау, сахналық көрініс көрсету.

Проблемалық оқыту технологиясы


Проблемалық оқыту – ойлау операциялары логикасы (талдау, қорытындылау және тағы басқа) мен оқушылардың ізденіс әрекетінің заңдылықтарын (проблемалық ситуация, танымдық қызығушылығының, қажетсінуінің және тағы басқа) ескере отырып, жасалған оқу мен оқытудың бұрыннан мәлім тілдерін қолдану ережелерінің жаңа жүйесі. Сондықтан да проблемалық оқыту көбінесе мектеп оқушыларының ойлау қабілеттерін дамытады және сенімдерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Проблемалық оқытудың мақсаты – ғылыми таным нәтижелерін, білімдер жүйесін ғана меңгеріп қоймай, сонымен бірге бұл нәтижелерге жету жолының өзін де, үдерісінде меңгеру, оқушының таным дербестігін қалыптастырып, оның шығармашылық қабілеттерін дамыту.



В. Ф. Шаталовтың тірек сигналдар технологиясы





(1927)





«Тірек сигналдары арқылы оқыту» -
технологиясының негізгі мақсаты: оқушыларда
мұғалімнің қажетті нұсқаулары бойынша білім, білік,
дағды қалыптастыру; жеке мәліметтеріне қарамастан,
барлық баланы оқыту; жеделдете оқыту.





«Тірек сигналдары арқылы оқыту» технологиясының принциптері:

- үздіксіз қайталау, міндетті кезеңдік бақылау, ірі блоктар бойынша оқыту, тірек сигналдарын пайдалану;
 - жекелей әрекет жасау;
 - ізгіліктік (барлық балалар дарынды) ;
 - мәжбүрсіз оқыту;
 - түзетуге, өсуге, жетістікке жетелеу, жетістігін жариялау, шиелініссіз оқыту;
 - тәрбие мен оқытуды байланыстыру.
- 
- 



**«Тірек сигналдары арқылы оқыту» технологиясының
мазмұндық ерекшелігі:**

- оқу материалы ірілендіріп беріледі;
 - блоктық түрде беріледі;
 - оқу материалы тірек үлгі-конспекті түрінде беріледі.
- 
- 

Оқу материалын әдістемелік жетілдіру және дидактикалық қайта құру негізіндегі технологиялар



Модульдік оқыту технологиясы.



Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы.

Модульдік оқыту технологиясы

- **Модульдік оқыту технологиясы** – білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді.
- **Модульдік оқытудың мақсаты** оқушының өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігін дамыту, оқу материалын өңдеудің жекелеген тәсілдері арқылы жұмыс істей білуге үйрену.

**Оқу мен жазу арқылы сын
тұрғысынан ойлауды
дамыту технологиясы**

Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде «Сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту» бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру.

«Сын тұрғысынан ойлау» ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар.

Сыни тұрғыдан ойлау – сынау емес, шыңдалған ойлау

Сыни ойлау – өзіндік ойлау. **Сыни ойлау** – сұрақ қоюдан және шешімін талап ететін проблемаларды айқындаудан басталады.

- «*Оқу мен жазу сын тұрғысынан ойлау*» сабақтарында мына мәселелерге назар аударылады:

КОНЕЦ

- ➔ • Сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау.
- ➔ • Қиялын дамыту үшін «менің ойымша» деген жауапқа дағдыландыру.
- ➔ • Тіл байлығын дамыту үшін қалайда жауапты соңына дейін тыңдау.
- ➔ • Жеке тұлға ретінде «мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.

Қорыта келе еліміздің қоғамның экономикалық, саяси-мәдени дамуына үлес қосатын, әлеуметтік цивилизацияға көтертетін, қарасатын, жақсы азаматты тәрбиелеп шығару – мектептің ұстаздар қауымының бүгінгі тандағы басты міндеті.

Сондықтан мұғалімнің алға қойған маңызды міндетінің бірі – талабы таудай жеке тұлғаны іздеп табу. Оны өсіру. Әр оқушыдан қабілетін танып-біліп, дамытып, адам дәрежесіне жеткізу үшін жаңашыл жұмысқа бет бұру керек.